

## Ойын бизнесін ұйымдастырушының біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттардың тізбесі мен нысандарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 115 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 29 сәуірде № 10876 тіркелді.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің 24.05.2017 № 147 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

"Ойын бизнесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 7-5) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 865 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі туралы Ереженің 15-тармағының 154) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жана редакцияда - ҚР Туризм және спорт министрінің м.а. 30.04.2026 № 79 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### 1. Мына:

1) осы бұйрыққа 1–қосымшаға сәйкес "Ойын бизнесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабымен белгіленген ойын бизнесін ұйымдастырушының біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттардың тізбесі;

2) осы бұйрыққа 2, 3, 4–қосымшаларға сәйкес "Ойын бизнесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабымен белгіленген ойын бизнесін ұйымдастырушының біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттардың нысандары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті (Е.Б. Қанағатов) заңнамамен белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жолдасын;

2) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен соң он күнтізбелік күн ішінде, осы бұйрықтың мерзімді баспа басылымдарда және "Әділет" ақпараттық-құқықтықтың жүйесінде ресми жариялануын қамтамасыз етсін;

3) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін;

4) осы тармақпен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді іс-шараларды орындағаннан кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Мәдениет және спорт министрі

А. Мұхамедиұлы

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және спорт  
министрінің  
2015 жылғы 30 наурыздағы  
№ 115 бұйрығына  
1-қосымша

### ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Тізбе жаңа редакцияда көзделген - ҚР Туризм және спорт министрінің м.а. 30.04.2026 № 79 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### Ойын бизнесін ұйымдастырушының біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттардың тізбесі

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің 29.10.2020 № 293 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Туризм және спорт министрінің 26.09.2024 № 167 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

р/с№	Біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар
1	2
Букмекерлік кеңсе үшін	
1	осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес нысандағы "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 94-бабының 4-тармағына санитариялық-эпидемиологиялық және "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Азаматтық қорғау туралы заң) 61-бабының 2-тармағына өртке қарсы нормаларға сәйкес келетін меншік құқығындағы үйдің (үй, құрылыс, ғимарат бөліктерінің) болуы туралы мәліметтер*
2	осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес нысандағы бәс тігуді ұйымдастыруға және өткізуге арналған меншік құқығындағы жабдықтар (растайтын құжаттарды ұсына отырып: тауарға арналған декларация, тауарлық-материалдық құндылықтар бойынша жүкқұжаты, шот-фактурлар, сатып алу-сату шарты) болуы туралы мәліметтер

3	осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес нысандағы "Күзет қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (Күзет қызметі туралы заң) 5-бабы 1-тармағына сәйкес күзет қызметімен айналысуға лицензия алған заңды тұлғалармен шарттың (шарттардың) болуы туралы мәліметтер**
4	"Ойын бизнесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Ойын бизнесі туралы заң) 15-бабы 2-тармағына сәйкес букмекерлік кеңсенің жұмысының, ставкалар қабылдаудың және өткізілетін құмар ойындарының және (немесе) бәс тігудің қазақ және орыс тілдерінде әзірленген қағидалары**
5	бірінші талап ету бойынша салымды беру шартымен (талап етілгенге дейінгі салым) Ойын бизнесі туралы заңының 13-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес 40000 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде банктік салым ашуға Қазақстан Республикасының аумағындағы екінші деңгейдегі банкпен жасасқан шарт
Тотализатор үшін	
1	осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес нысандағы "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 94-бабының 4-тармағына санитариялық-эпидемиологиялық және "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Азаматтық қорғау туралы заң) 61-бабының 2-тармағына өртке қарсы нормаларға сәйкес келетін меншік құқығындағы үйдің (үй, құрылыс, ғимарат бөліктерінің) болуы туралы мәліметтер*
2	осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес нысандағы бәс тігуді ұйымдастыруға және өткізуге арналған меншік құқығындағы жабдықтар (растайтын құжаттарды ұсына отырып: тауарға арналған декларация, тауарлық-материалдық құндылықтар бойынша жүкқұжаты, шот-фактурлар, сатып алу-сату шарты) болуы туралы мәліметтер
3	осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес нысандағы "Күзет қызметі туралы" 2000 жылғы 19 қазандағы Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 1-тармағына сәйкес лицензия алған заңды тұлғалармен шарттың (шарттардың) болуы туралы мәліметтер**
4	"Ойын бизнесі туралы" 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес ойын мекемесінің, тотализатордың жұмысының, ставкалар қабылдаудың және өткізілетін құмар ойындарының және (немесе) бәс тігудің қазақ және орыс тілдерінде әзірленген қағидалары

5	бірінші талап ету бойынша салымды беру шартымен (талап етілгенге дейінгі салым), Ойын бизнесі туралы заңының 13-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес 10 000 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде банктік салым ашуға Қазақстан Республикасының аумағындағы екінші деңгейдегі банкпен жасасқан шарт
Казино үшін	
1	осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес нысандағы Азаматтық қорғау туралы заңы 61-бабының 2-тармағына сәйкес өртке қарсы және "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 94-бабы 4-тармағына сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық нормаларға сәйкес келетін меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі (растайтын құжат ұсына отырып: сертификат немесе үш жұлдыздан кем емес санаттағы қонақ үй кешенін аккредиттеу туралы куәлік), үйдің (үй, құрылыс, ғимарат бөліктерінің) болуы туралы мәліметтер*
2	осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес нысандағы бәс тігуді ұйымдастыруға және өткізуге арналған меншік құқығындағы жабдықтар туралы (растайтын құжаттарды ұсына отырып: тауарға арналған декларация, тауарлық-материалдық құндылықтар бойынша жүкқұжаты, шот-фактурлар, сатып алу-сату шарты) болуы туралы мәліметтер
3	қолданылатын заңдастырылған белгілердің казак және орыс тілдеріндегі үлгілері мен номинациялары
4	осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес нысандағы Күзет қызметі туралы заңының 5-бабы 1-тармағына сәйкес лицензия алған заңды тұлғалармен шарттың (шарттардың) болуы туралы мәліметтер**
5	Ойын бизнесі туралы заңының 13-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес ойын мекемесінің жұмысының, ставкалар қабылдаудың және өткізілетін құмар ойындарының және (немесе) бәс тігудің казак және орыс тілдерінде әзірленген қағидалары
6	бірінші талап ету бойынша салымды беру шартымен (талап етілгенге дейінгі салым) Ойын бизнесі туралы заңының 13-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес 60 000 айлық есептік көрсеткіштің мөлшерінде салым ашуға Қазақстан Республикасының аумағындағы екінші деңгейлі банкпен жасасқан шарт
Ойын автоматтары залы үшін	
	осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес нысандағы Азаматтық қорғау туралы заңы 61-бабының 2-тармағына сәйкес өртке қарсы және "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы"

1	Қазақстан Республикасы Кодексінің 94-бабы 4-тармағына сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық нормаларға сәйкес келетін меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі (растайтын құжат ұсына отырып: сертификат немесе үш жұлдыздан кем емес санаттағы қонақ үй кешенін аккредиттеу туралы куәлік), үйдің (үй, құрылыс, ғимарат бөліктерінің) болуы туралы мәліметтер*
2	осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес нысандағы бәс тігуді ұйымдастыруға және өткізуге арналған меншік құқығындағы жабдықтар туралы (растайтын құжаттарды ұсына отырып: тауарға арналған декларация, тауарлық-материалдық құндылықтар бойынша жүкқұжаты, шот-фактурлар, сатып алу-сату шарты) болуы туралы мәліметтер
3	қолданылатын заңдастырылған белгілердің қазақ және орыс тілдеріндегі үлгілері мен номинациялары
4	осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес нысандағы Күзет қызметі туралы заңының 5-бабы 1-тармағына сәйкес лицензия алған заңды тұлғалармен шарттың (шарттардың) болуы туралы мәліметтер**
5	Ойын бизнесі туралы заңының 13-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес ойын мекемесінің жұмысының, ставкалар қабылдаудың және өткізілетін құмар ойындарының және (немесе) бәс тігудің қазақ және орыс тілдерінде әзірленген қағидалары
6	бірінші талап ету бойынша салымды беру шартымен (талап етілгенге дейінгі салым) Ойын бизнесі туралы заңының 13-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес 60 000 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде салым ашуға Қазақстан Республикасының аумағындағы екінші деңгейдегі банкпен жасасқан шарт

Ескертпе:

\* өтініш берушілер мәліметті "Жылжымайтын мүлік тіркелімі" мемлекеттік дерекқоры ақпараттық жүйесінен алады (жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы анықтамалар түрінде);

\*\* өтініш берушілер мәліметтерді "Е-лицензиялау" ақпараттық жүйесінен алады.

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және спорт  
министрінің  
2015 жылғы 30 наурыздағы  
№ 115 бұйрығына  
2-қосымша  
Нысан



№ р/с	Ойын жабдығының атауы	Ойын жабдығының түрі	Сатып алынған жабдықтың шартының нөмірі мен күні	Жабдықты қабылдау-тапсыру актісінің нөмірі мен күні	кеңсегенемесетотализаторға немесе казин оғанемесей ойын автоматтары залдарына арналған)	Саны	Сериялық немесей инвестарлық нөмірі	Өндіруші	Техникалық жай-күйі (жаңа, бұрын пайдаланылған)	Сәйкестік сертификатының нөмірі және күні, берген орган (жаңа ойын автоматтары үшін)	Жабдықтаудың тестілеу күні (жаңа ойын автоматтары үшін)	Бакылау-қосалқы аппаратының (фискализатор) нөмірі болған жағдайда)	логиялық тұрғыдан ойын автоматына енгізілген ұтысы (ойын автоматтары үшін)	Тауар белгісінің тауы	Ойын мекемесінің интернет-ресурсы
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және спорт  
министрінің  
2015 жылғы 30 наурыздағы  
№ 115 бұйрығына  
4-қосымша

## Нысан

**Күзет қызметін жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен лицензия алған заңды тұлғалармен шарттардың болуы туралы мәліметтер**

**Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің 29.10.2020 № 293 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

№	Күзет қызметтерін көрсетуге арналған шарттың нөмірі және күні	Күзет қызметтерін көрсетуге шарт жасасқан заңды тұлғаның атауы	Күзет қызметтерін көрсететін заңды тұлғалардың бизнес-сәйкестендіру нөмірі	Лицензияны берген орган	Күзет қызметін жүзеге асыру үшін лицензияның нөмірі және күні
1	2	3	4	5	6